

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың
жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
Түсіндірме жазба**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспарын іске асыруға әзірленді.

Заң жобасы Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның нормаларын имплементациялауға және Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды іске асыру шеңберінде бағытталған (2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 ҚРҰК).

Заң жобасы ҚР Парламенті Сенатындағы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс тобының, мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің, сондай-ақ жұртшылық пен сарапшылық қауымдастықтың ұсыныстары негізінде әзірленді.

Заң жобасы шеңберінде 80 заңға, оның ішінде 10 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты мүгедектігі бар адамдарға қатысты заңнамадағы кемсітушілік терминдерді жою, әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналастыруды ынталандыру, мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін арттыру, зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуге берілетін біржолғы төлемдердің мөлшерін арттыру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау болып табылады.

Заң жобасында баяндалған ұсынылып отырған шаралар мүгедектігі бар адамдардың мәселелерін, атаулы әлеуметтік көмек пен зейнетақымен қамтамасыз етуді қоса алғанда, мемлекеттің базалық әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін толық көрсетеді.

Заң жобасын іске асыру 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте 185,7 млрд.теңге (2021 жылға – 56,6 млрд. теңге, 2022 жылға – 60,9 млрд. теңге, 2023 жылға – 68,2 млрд. теңге) көзделетін қосымша бюджеттік шығындарды талап етеді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин